

32 МИЛЛИОН!

ЕСЕБІ ЖОҚ ЕСІЛ АҚША. ОСЫЛАЙ ДЕМСЕКЕ АМАЛ ЖОҚ. ӨЙТКЕНІ ҚҰРЛЫҚТЫҚ ХОККЕЙ ЛИГАСЫНДА ОЙНАЙТЫН ЕЛОРДАНЫҢ «БАРЫС» КЛУБЫНДАҒЫ КЕЙБІР ОЙЫНШЫЛАРДЫҢ ЖАЛАҚЫСЫ ИНТЕРНЕТ ЖЕЛІДЕ ЖАРИЯ БОЛА БАСТАДЫ.

Ресейлік басылымдардың мәліметіне сүйенсек, «Барыстың» екі бірдей ойыншысы айына 30 миллион теңгеден жоғары жалақы алатын келісімшартқа отырыпты.

Оның біреуі – өзіміздің Қарағанды қаласының тумасы Никита Михайлис. Әкесі Юрий Михайлис осыған дейін клубтың бас бапкері болған. Жақында ол қызметінен кетті. Бәлкім, әкесімен

келісімшартты ерте үзгені үшін Михайлистердің кішісінің жалақысы көбейген болар. Ол енді айына 32 миллион теңге жалақы алады. Жылдық еңбекақысы – 386 миллион теңге екен.

Былай қарасаң, Никитаның өткен маусымдағы жеке көрсеткіші жаман емес. Бір маусымда 52 ойынға қатысып, 19 гол соғып, 27 нәтижелі пас берген. Бұл жағынан «Барыс»

сапында бірінші, лигада 18-орында тұр. Алайда «Самұрық-Қазынадан» бөлінетін қаржыдан ай сайын 32 миллион теңге төлеп тұратындай емес болар.

«Қазақстанда шешімін таппаған әлі қанишама мәселе бар, біз хоккейдегі легионерлерге миллиондап жалақы төлейтін деңгейге жеткен жоқпыз. Оның үстіне басқа ешбір елде клубтарға мемлекет бюджетінен ақша бөлінбейді. Ондай елдерде спорт клубтары өздеріне өздері ақша салады, оның сыртынан пайда табады. Ал бізде «Самұрық-Қазына» қоры қаржыландырады, ал қордың ақшасы – халықтың ақшасы», дейді спорт журналисі Аслан Қаженов.

➔



ҚАЗАҚ СПОРТЫ

Газет 1959 жылғы
1 қаңтардан шыға бастады

Республикалық
апталық

qazaqsporty.kz

№22-23 (5374)
25 маусым 2022 жыл

Газет сенбі
күні шығады

kazakh_sporty@mail.ru

ПРЕЗИДЕНТ ЕЛ ШАХМАТЫНА ҚОЛДАУ КӨРСЕТЕДІ



ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ШАХМАТТАН ҚАЗАҚСТАН ӘЙЕЛДЕР ҚҰРАМАСЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІМЕН ЖӘНЕ ШАХМАТ ФЕДЕРАЦИЯСЫНЫҢ ӨКІЛДЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ, ДЕП ХАБАРЛАДЫ AKORDA.KZ.

Ақордаға Президентпен кездесуге әлем чемпиондары мен халықаралық гроссмейстерлер – Жансая Әбдімәлік, Динара Сәдуақасова, Бибісара Асаубаева, Гүлісхан Нақбаева, халықаралық шебер Меруерт Камалиденова және Қазақстан шахмат федерациясының президенті Ғалым Құсайынов пен вице-президент Дәрмен Сәдуақасов шақырылды.

Мемлекет басшысы танымал шахматшы қыздарға ілтипат білдіре отырып, бұл ойынға ерекше мән беретінін атап өтті. Сондай-ақ Қазақстанның әйелдер құрамасы алдағы уақытта Үндістанда өтетін Дүниежүзілік шахмат

олимпиадасында табысты өнер көрсетініне сенім білдірді. Президент мектепті «Алтын белгімен» бітірген Бибісара Асаубаеваға табыс тілеп, Гүлісхан Нақбаеваны өткен туған күнімен құттықтады.

Әңгімелесу және пікір алмасу форматында өткен кездесуде ұлттық құрама көшбасшылары – Динара Сәдуақасова, Жансая Әбдімәлік, Бибісара Асаубаева және Қазақстан шахмат федерациясының басшылығы сөз сөйледі.

Қасым-Жомарт Тоқаев кездесуде елімізде шахмат спортын дамыту, оның ішінде мемлекет тарапынан жүйелі көмек

көрсету, қажетті инфрақұрылыммен қамтамасыз ету және шахматты жеке спорт түрі ретінде насихаттау жөніндегі қатысушылардың ұсыныстарын тыңдады.

Президент мектеп бағдарламасына шахматты факультативтік пән ретінде қосу, Алматыда 1500 балаға арналған шахмат пен ақпараттық технологияларды тереңдетіп оқытатын мектеп-интернат салу жөніндегі ұсынысты қолдады. Бұдан бөлек Мемлекет басшысы кәсіпкерлер тарапынан шахмат спортын дамытуға қолдау көрсетудің маңызды екеніне баса мән берді.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев шахмат саласын дамытуға бұдан былай да қолдау көрсететінін атап өтіп, жас спортшыларға халықаралық аренада жаңа табыс тіледі.

ЖЕТІ ЖАСАР МАЛИКА

ФИДЕ-НІҢ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ АТАНДЫ

10-19 МАУСЫМ АРАЛЫҒЫНДА ПАНАМА АСТАНАСЫНДА МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫ АРАСЫНДА ШАХМАТТАН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ ӨТТІ. ОНДА ЖЕТІ ЖАСАР ОТАНДАСЫМЫЗ МАЛИКА ЗИЯДИН ЧЕМПИОН АТАНДЫ.



Жансая Әбдімәліктің Шахмат академиясында білім алып жатқан жас шахматшы бірден екі атаққа ие болды: чемпион және жеті жасқа дейінгі жас санатында шахматтан әлем чемпионы. Бұл қазақстандық шахмат тарихындағы алғашқы жағдай.

Жарыс екі секцияда (ұлдар мен қыздар) және алты жас санатында өткізілді. Чемпионатқа барлығы 600-ге жуық шахматшы қатысты. Ал Маликаның жасындағылар бас-аяғы 36 жас шахматшы қатысып, әр спортшы тоғыз партияны орындады. Чемпионаттың қорытындысы бойынша Малика барлық партияларды жеңіп, ең көп ұпай жинады.

Осы жағымды жаңалықтан кейін Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ФИДЕ-нің ең жас чемпионы Малика Зиядинді құттықтады. Бұл туралы Ақорданың ресми сайты мәлім етті.

«Жеті жасқа дейінгі бұлдіршіндер арасында өткен сайыста жоғары деңгейде өнер көрсетіп, екі бірдей атақты иеленуің – Қазақстанның шахмат тарихында бұрын-соңды болмаған жетістік. Сен тума талантың мен жеңіске деген ерік-жігеріңнің арқасында осындай биік белесті бағындырдың. Өзің ізін басып келе жатқан қазақстандық шахмат шеберлерінің даңқты жолын лайықты жалғастыратынына көміл сенемін», деп жазылған Президенттің құттықтау хатында. Мемлекет басшысы Малика Зиядиннің әрдайым жеңіс тұғырынан көрінуіне тілектестік білдірді.

ӘБИБА АБУЖАҚЫНОВА ҚОЛА МЕДАЛЬ АЛДЫ

ДЗЮДОДАН МОҢҒОЛИЯ АСТАНАСЫ ҰЛАНБАТЫР ҚАЛАСЫНДА ӨТІП ЖАТҚАН ПАРИЖ ОЛИМПИАДАСЫНА ҰПАЙ БЕРЕТІН АЛҒАШҚЫ «ULANBAATAR 2022» GRAND SLAM ТУРНИРИНІҢ АЛҒАШҚЫ КҮНІНДЕ ҚАЗАҚСТАН НАМИСЫН 5 ДЗЮДОШЫ ҚОРҒАДЫ. СОЛАРДЫҢ АРАСЫНАН 48 КГ САЛМАҚТА ӘБИБА АБУЖАҚЫНОВА ҚОЛА МЕДАЛЬ ЖЕҢІП АЛДЫ.

48 кг салмақта Абиба Абужақынова алғашқы айналымда Түрікменстан қызын ұтып, екінші айналымда бас жүлдеден басты үміткер израильдық Ши́ра Ришони́ди вазари ұпаймен ширек финалға шыққан. Ширек финалда Оңтүстік Африка спортшысын ұтса, жартылай финалда Моңғол қызы Ганбаатар Наранцэцэгтен иппон әдісімен жығылды. Қола үшін белдесуде IJF атынан өнер көрсеткен Сабина Ги́лиязовадан басым түсті.

Ал жігіттеріміз алғашқы айналымдарда жығылып құралақан қалды. 60 келіде Бауыржан Нарбаев алғашқы айналымда бос болып екінші айналымда жапонның мықтысы Риужи Нагаиамадан

ұтылды. 60 келіде сынға түскен тағы бір жерлесіміз Қанат Сейілхан да екінші айналымнан аса алмады.

Ал 66 келі салмақ дәрежесінде белдескен Токио Олимпиадасының қола жүлдегері Елдос Сметов жарысты бірінші болып бастады. Ол алғашқы айналымда өзбекстандық Рохимжон Субхоновты қосымша уақыттың 1 минут 40 секундта иппон әдісімен жыққанымен, екінші айналымда француз спортшысы Валиде Хиярга жығылып қалды. 66 келіде күрескен тағы бір қазақстандық Ғұсман Қырғызбаев алғашқы айналымда бос болып екінші айналымда моңғол спортшысынан жығылып, жарысты ерте аяқтады.



CHILDREN PARALYMPIC GAMES

ФЕСТИВАЛІНЕ 350 «ЕРЕКШЕ» СПОРТШЫ ҚАТЫСАДЫ

ЕЛОРДАДА CHILDREN PARALYMPIC GAMES ИНКЛЮЗИВТІ СПОРТ ФЕСТИВАЛІ БАСТАЛДЫ. БАЛАЛАР ЖЫЛЫ АЯСЫНДА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС-ШАРА ҚАЗАҚСТАННЫҢ 16 ҚАЛАСЫНАН КЕЛГЕН 350 «ЕРЕКШЕ» БАЛА МЕН ЖАСТАРДЫҢ БАСЫН ҚОСЫП ОТЫР. ҚАТЫСУШЫЛАР БЕЙІМДЕЛГЕН 10 СПОРТ ТҮРІНЕН САЙЫСҚА ТҮСЕДІ: БОЧЧА, ГОЛБОЛ, ШЫҒЫС ЖЕКПЕ-ЖЕГІ (КАРАТЭ, ТАЭКВОНДО, ДЗЮДО), ФУТБОЛ, ИНКЛЮЗИВТІ ХОРЕОГРАФИЯ, ЖҰЗУ, ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА, 7*7 ФУТБОЛ.

«Бұл қазақ спорты үшін, еліміздің паралимпиадалық қозғалысы үшін айтулы оқиға және нағыз мереке. Осы ойындарды ұйымдастырушыларға, әсіресе, ұйымдастыру комитетіне, жаттықтырушыларға, атлеттердің өздеріне және олардың туыстары мен жақындарына ризашылығымды білдіремін. Бұл ойындар спорттық ерлік пен табандылықтың, әлеуметтік интеграция мен инклюзивтіліктің,

құқықтар мен мүмкіндіктер теңдігінің салтанатын көрсетеді. Сіздер өзгеріс елшілерісіздер. Сіздердің жеңіске деген ерік-жігерлеріңіз қоршаған әлемді позитивті өзгертуге миллиондаған адамдарды шабыттандыруға арналған», – деді іс-шараға қатысушыларға Дәурен Абаев.


Спорт фестивалінің мақсаты-мүмкіндігі шектеулі балалар мен жастарды тұрақты дене белсенділігіне және спортпен

шұғылдануға ынталандыруды арттыру және бұқаралық спорт бөлігінде мүгедек адамдардың түйіткілді мәселелеріне жұртшылық пен мемлекеттің тиісті назарын аудару.

Спорт түрлері бойынша спорт алаңдарының әрқайсысында спортшылар диагнозына арналған жіктемеге сәйкес және «тең мүмкіндіктер» қағидаты бойынша басқа өңірлерден келген қарсыластармен жарысқа түседі.

CHILDREN PARALYMPIC GAMES-пен қатар паралимпиадалық спорт түрі боччадан Қазақстан Республикасының чемпионаты өтеді.

Чемпионаттың мақсаты-үздік боччистерді анықтап, олардың одан әрі Паралимпиадаға қатысуларына мүмкіндік жасау.



БҰЙЫРҒАНЫ – ҚОС ҚОЛА

ҚАТАР АСТАНАСЫ – ДОХАДА МӘРЕСІНЕ ЖЕТКЕН СПОРТТЫҚ ГИМНАСТИКАДАН АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫНДА ҚАЗАҚСТАНДЫҚ СПОРТШЫЛАР ЕКІ МЕДАЛЬ ЖЕҢІП АЛДЫ.

Жазғы Универсиаданың (2019) күміс жүлдегері Нариман Құрбанов Дохадағы сары құрлық біріншілігінде де күміс жүлде еншіледі. Ат снарядында өнер көрсеткен отандасымыз 14.800 ұпаймен екінші орынға табан тіреді. Бұл сында иорданиялық гимнаст (15.255) жеңіске жетсе, қытайлық спортшы (14.600) қола медальға ие болды. Сондай-ақ 2019 жылғы Азия біріншілігінің күміс жүлдегері Милад Карими кермедегі жаттығудан 14.133 балл жинап, қола жүлдегер атанды.

Осылайша, спорттық гимнастикадан Қазақстан ұлттық құрамасының екі спортшысы биыл 28 қазан-6 қараша аралығында Ливерпульде (Ұлыбритания) өтетін әлем чемпионатына жолдама алды.

БЕСІНШІ ЖЕҢІСІНЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗДІ

РЕСЕЙДІҢ ОРЫНБОР ӨЛКЕСІНДЕ ТУЫП-ӨСКЕН ҚАНДАСЫМЫЗ ДАМИР ИСМАҒҰЛОВ АҚШ-ТЫҢ ОСТИН (ТЕХАС ШТАТЫ) ҚАЛАСЫНДА ӨТКЕН UFC ON ESPN 37 ТУРНИРИНДЕ ЖЕҢІСКЕ ЖЕТТІ.

Жеңіл салмақта өнер көрсететін 31 жастағы Дамир Исмағұлов Швеция туы астында бақ сынаған грузиялық Гурам Кутателадзеден төрешілердің бірауыз шешімі бойынша басым түсті. Кездесудің бірінші раунды Кутателадзенің пайдасына аяқталғанымен, екінші және үшінші раундта басымдық танытқан Дамир Исмағұлов қарсыласынан айласын асырды. Айта кетейік, Исмағұлов кештің басты кардында бірінші мәрте өнер көрсетіп, бесінші жеңісіне қол жеткізді. Дамир мүлде жеңілмеген. Кутателадзе болса екінші айқасын өткізіп, бірінші мәрте жеңілістің кермек дәмін татты.



АЛЫПТАР ДЖИДДАДА АЙҚАСАДЫ



АСА АУЫР САЛМАҚТАҒЫ WBA SUPER, IBF ЖӘНЕ WBO ТҰЖЫРЫМДАРЫ БОЙЫНША ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ УКРАИНАЛЫҚ АЛЕКСАНДР УСИК (19-0, 13 КО) ПЕН БРИТАНИЯЛЫҚ ЭНТОНИ ДЖОШУА (24-2, 22 КО) АРАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМТА ЖЕКПЕ-ЖЕК ТАМЫЗДА ӨТЕТІН БОЛДЫ.

Екі боксшының да ісін жүргізетін Matchroom Boxing промоутерлік компаниясы кеше кәсіпқой бокстағы екі алыптың арасындағы реванш айқасы тамыздың 20-сы күні Сауд Арабиясының Джидда қаласында өтетінін ресми мәлімдеді. Әзірге жекпе-жекте кімнің қанша гононар алатыны жарияланған жоқ.

Айта кетейік, Джошуа мен Усик арасындағы бірінші айқас 2021 жылдың қыркүйек айында Лондондағы (Англия) 80 мың жанкүйер сыятын «Уэмбли» стадионында өткен еді. Ол кезде Усик төрешілердің бірауыз шешімімен жеңіске жеткен болатын.

РЕЙТИНГТЕ 11 САТЫ ЖОҒАРЫЛАДЫ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФУТБОЛ ҚАУЫМДАСТЫҚТАРЫНЫҢ ФЕДЕРАЦИЯСЫ (ФИФА) КҮНІ КЕШЕ ФУТБОЛДАН ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМАЛАРДЫҢ ЖАҢАРТЫЛҒАН РЕЙТИНГІН ЖАРИЯЛАДЫ.

ФИФА-ның маусым айындағы әлемдік рейтингі бойынша Қазақстан ұлттық құрамасы бірден 11 саты жоғарылап, 114-орынға жайғасты. Наурыз айындағы рейтингте Қазақстан 125-орында тұрған болатын. Магомед Адиев жаттықтыратын

Қазақстан ұлттық құрамасы маусым айында Ұлттар лигасы аясында төрт матч өткізіп, оның үшеуінде жеңіске жетсе, бір ойында тең түсті.

Атап айтар болсақ, жерлестеріміз алғаш Әзербайжан құрамасынан 2:0

есебімен басым түссе, кейін сырт алаңда Беларусь футболшыларымен тең ойнады. Сондай-ақ Словакия құрамасымен екі ойын өткізіп, екеуінде де жеңіске жетті – 1:0, 2:1. Дүниежүзілік рейтингте бес дүркін әлем чемпионы Бразилия көш бастап тұр. Кейінгі орындарға Бельгия және Аргентина құрамалары жайғасқан.

«АСТАНА» КӨШ БАСТАДЫ

ФУТБОЛДАН ЕЛ БІРІНШІЛІГІ АРАҒА АЙ САЛЫП ҚАЙТА ЖАЛҒАСТЫ. ЕКІНШІ АЙНАЛЫМДАҒЫ 14-ТУР ОЙЫНДАРЫНАН KEЙІН ТУРНИР КЕСТЕСІНДЕ АУЫЗ ТОЛТЫРЫП АЙТАРЛЫҚТАЙ ӨЗГЕРІС БОЛА ҚОЙҒАН ЖОҚ.

Қазақстан чемпионатының алты дүркін жеңімпазы «Астана» бұл турда Павлодардың «Ақсу» командасын қабылдап, 5:0 есебімен біріншілік дебютантының тас-талқанын шығарды. Маңызды үш ұпайына қол жеткізген елорда клубы 24 ұпаймен турнир кестесінде қайта топ басына шықты. Ал бұған дейін үздіктер көшін бастап тұрған Ақтаудың «Каспийі» сырт алаңда Қостанайдың «Тобылынан» жеңіліп (1:0), екінші орынға сырғыды. Өз жанкүйерлерінің алдында жеңіске жеткен «Тобыл» 21 ұпаймен төртінші орынға көтерілді.

С ондай - а қ би ы л ғы

чемпионатта тәуір нәтиже көрсетіп келе жатқан «Тараз» сырт алаңда «Ордабасыдан» жеңіліп қалды. Аса тартысты өткен оңтүстік дербиінде бес гол соғылып, шымкенттік команда 3:2 есебімен басым түсті. Бірінші айналымда сүренсіз ойын өткізіп, турнир кестесінде жағдайын қиындатып алған «Қайрат» бұл турда «Мақтааралды» 1:0 есебімен жеңді. Сонымен қатар 14-турда «Ақтөбе» сырт алаңда «Атырауды» (2:0), «Қызылжар» Қарағандыда «Шахтерді» (2:1) ұтты. Ал Түркістандағы «Тұран» мен «Ақжайық» матчы 1:1 есебімен тең аяқталды.

ЖАРЫС КЕСТЕСІ							
Орын	КОМАНДА	О	В	Н	П	ГОЛДАР	УПАЙЛАР
1	 Astana	13	7	3	3	28-12	24
2	 Kaspii	13	7	1	5	15-13	22
3	 Taraz	13	6	3	4	17-12	21
4	 Tobyl	13	6	3	4	20-16	21
5	 Aqtóbe	12	6	2	4	13-14	20
6	 Atyraý	13	5	4	4	16-14	19
7	 Qairat	13	5	4	4	12-16	19
8	 Ordabasy	12	5	2	5	17-14	17
9	 Shahter	12	5	1	6	17-16	16
10	 Qyzyljar	13	3	6	4	14-16	15
11	 Aqsý	11	4	1	6	10-15	13
12	 Turan	11	2	6	3	7-10	12
13	 Aqjaiyq	12	3	3	6	5-11	12
14	 Maqtaaral	13	2	3	8	10-22	9

ҮЗДІК СҰРМЕРГЕНДЕР			
9 гол	Андрия ФИЛИПОВИЧ	шабуылшы	
8 гол	Педро ЭУЖЕНИО	шабуылшы	
7 гол	Серж НЬЮАДЗИ	шабуылшы	
6 гол	Марин ТОМАСОВ	жартылай қорғаушы	
6 гол	Игорь СЕРГЕЕВ	шабуылшы	
5 гол	Хосе КАНТЕ	шабуылшы	
5 гол	Юрий БУШМАН	қорғаушы	
5 гол	Абылайхан ЖУМАБЕК	шабуылшы	
5 гол	Рай ВЛУТ	шабуылшы	

32 МИЛЛИОН!

1 ЖЫЛЫНА – 435-475 МИЛЛОН ТЕҢГЕ

Екінші миллионердің есімі – Линден Вей. Канадада дүниеге келген. Алдағы шілде айында 31 жасқа толатын ойыншы мұхиттың арғы жағынан Қазақстанға 2017 жылы ауысқан. Оған дейін АҚШ-та өнер көрсеткен. Сосын Ресейдің ЦСКА клубы сапында Гагарин кубогында топ жарды. Санкт-Петербургтің СКА командасында да ойнаған. Былтырғы маусымның орта тұсында «Барысқа» қайта оралды. Енді тағы бір жылға келісімшартты ұзартпақ. Жаңа келісімге сәйкес, жылына 435-475 миллион теңге жалақы алмақшы. Айына 39 миллион теңгеден келеді. Былтырғы маусымда 41 ойында 23 (11+12) ұпай жинаған. Ақшаның көлемі ашық айтыла бастап еді, Мәжілістегі депутаттар да үн қосты. «Ақ жол» партиясынан сайланған Берік Дүйсенбинов төменгі палата мінберінен жанайқайын жеткізді.

«Шығыс Қазақстан облысында көкпаршылардың ипподромы бұзылып, оның орнына үй салынғалы жатыр. Жалпы, біздің көкпар тартатын жеріміз жылқысымен бірге түнеп, олардың астын өзі тазалап, жарысқа барарда КамАЗ-да бірге жатады. Ал хоккейде осындай жағдайда жүрген спортшыны көрдіңіз бе? Елорданың іргесінде орналасқан Қоянды ауылының 40 мың тұрғыны бар, бірақ жазда ыстықта, қыста суықта кіріп спортпен шұғылданатын бір спорт кешені жоқ. Әйтеуір, біз болсақ, бір хоккейшіге 40 млн теңге жалақы береміз. Кейбірі депутаттардың 800 мың теңге жалақысын сөз қылушы еді, 40 млн теңге жалақы депутаттың да түсіне

кірмейді», – дейді Берік Дүйсенбинов.

Осы ретте «Барыстың» миллиондаған қаржы шашып, Құрлықтық хоккей лигасында жүре бергені қаншалықты дұрыс? деген сұрақ туындайды. Өйткені қанша жыл ойнаса да нәтиже жоқ. Ширек финалдан әрі асқан емеспіз.

Клубқа келген легионердің көбісіне азаматтық беріп, ұлттық құрамаға ойнаттық. Бірақ тағы нәтиже жоқ. Қазақстан тәуелсіз мемлекет ретінде хоккейден Олимпиада ойындарына екі рет қатысты. Ең алғаш 1998 жылы құрама капитаны Ерлан Сағымбаев бастаған жігіттер Жапонияның Нагано қаласында өткен Олимпиада ойындарында ширек финалға дейін жеткен. Былайша айтқанда, үздік бестіктің қатарына енді. Одан кейін 2006 жылы Николай Антропов бастаған құрама Италияның Турин қаласындағы Олимпиадаға қатысты. Меже – тоғызыншы орын. Сонымен болды. Одан бері Олимпиаданың қарасын көрген жоқпыз. Әйтеуір әлем чемпионатында «лифтінің» рөлін атқарып жүрміз. Элиталық раундтан бір түсіп, бір көтерілу әдетке айналып кеткен.

Қазақстанның шайбалы хоккей федерациясы мен «Барыс» клубын еліміздің бұрынғы премьер-министрі Асқар Мамин басқарады. Үкіметтен кетсе де, хоккейге қаржы тауып беруге Маминнің шамасы жетіп отыр. Әйтпесе, жоғарыда аталған ойыншылар айына 30-40 миллион теңге жалақы алмас еді. Сондықтан федерация мен клуб ешқандай мұқтаждық көріп отырған жоқ десек болатын шығар. Мамин мырза қарамағындағыларға үнемі мүмкіндік беріп келеді. Бірақ жағдайды түзеуге ешқайсысының ынтасы жоқ па, әлде осыған үйреніп



алған ба, тек жыл сайын легионерлердің санын көбейткеннен басқа бітіріп жатқан жұмыстарын көрмедік. Тіпті федерацияның ресми сайтының қазақ тіліндегі нұсқасы да жоқ. Бұл енді айта-айта жауыр болған тақырып.

Федерация қызметкерлері кемі 8 жыл ауысқан емес. Әйтеуір 2019 жылы ұзақ жыл директор болған Юрий Зверев пен оның бас есепшісі Ирина Гензер ғана өз орындарын босатты. Бас директор болып Глеб

Каратаев тағайындалды. Ол Зверевтің кезінде бас хатшы болып еңбек еткен.

Федерацияның ескілі-жаңа қызметкерлері құрамаға легионер тартуға әбден әуестеніп кетті. Мысалы, 2019 жылы Нұр-Сұлтан қаласында өткен Олимпиада ойындарының іріктеу кезеңіне Қазақстан сапында 13 легионер бақ сынағаны бар. Одан кейін де талайы жүрді.

Бұдан бірнеше жыл федерация «натурализация» жасау процесін

бастағанда, көбісі мұны қажеттілікпен туындап отырғанын айтқан. Ол кезде құрама 3-5 көлемінде ойнайтын. Шетелдіктерді құрамаға тарту арқылы өзіміздің хоккейшілердің шеберлігін арттыруға ықпал етеміз дегендер көп болған. Бірақ ештеңе өзгерген жоқ.

Легионер көбейгенмен, нәтиже жоқ. Бұл жерде легионерлердің бәрі тегіннен-тегін Қазақстан азаматтығын алып жатқан жоқ. Оның бәрі ірі көлемдегі ақшамен жасалып жатқан келісімшарттар екенін ұмытпау қажет.

ЛЕГИОНЕРЛЕР ҚАШАН КЕЛЕ БАСТАДЫ?

Шетелдік ойыншыларды ұлттық құрамаға тарту, оларға азаматтық беру 2014 жылдан басталды. Сол жылы құрамада 8 легионер бар еді. 2015 жылы алтауға азайды. Сосын қайтадан көбейді. Мысалы, 2016 жылы – 9, 2017 жылы – 12, 2018 жылы – 10, 2019 жылы – 12, 2020 жылы – 13, 2021 жылы – 8, 2022 жылы – 12.

Осы жылдар ішінде әлем чемпионатында мынадай нәтиже көрсеттік: 2014 жылы – элиталық раундтан төмен түсіп қалдық, 2015 жылы – бірінші дивизионды жеңіп, элиталық раундқа оралдық, 2016 жылы бірінші дивизионға сырғыдық. Сөйтіп, 2019 жылға дейін құрама топ-дивизионға орала алмай жүрді. Әйтеуір 2020 жылы сол кездегі бапкер Скебелка елордадағы іріктеу кезеңін сәтті өткізіп, команданы үздіктер қатарына қайта қосты. Былтыр және биыл элиталық дивизиондағы орнымызды сақтап қалуға ғана шамамыз жетті.


P.S.2006 жылғы Турин Олимпиадасына бірде-бір легионерсіз барған едік.

ЖАСӨСПІРІМДЕР ТОП ЖАРДЫ

МЕКСИКАНЫҢ ЛЕОН ҚАЛАСЫНДА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН АУЫР АТЛЕТИКАДАН 17 ЖАСҚА ДЕЙІНГІ ЖАСӨСПІРІМДЕР АРАСЫНДАҒЫ ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ СПОРТШЫЛАР ҮШІН ТАБЫСТЫ АЯҚТАЛДЫ.

Мұхиттың арғы бетінде өткізілген додада Қазақстан құрамасының тоғыз спортшысы өнер көрсетіп, соның жетеуі жүлдегерлер қатарынан көрінді. Атап айтқанда, Ерасыл Сәулебеков (67 кг), Едіге Емберді (73 кг), Денис Полубояринов (81 кг) және Никита Абдрахманов (102 кг) Мексикада Әнұранымызды шырқатса, Надежда Ли (64 кг) күміс, Ерасыл Омаров (55 кг) пен Александра Беленко (40 кг) әлем чемпионатының қола жүлдесін жеңіп алды.

Осылайша, бір аптаға жалғасқан жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионатында қазақстандық спортшылар төрт алтын, бір күміс және екі қола медальмен жалпыкомандалық есепте топ жарды. Сондай-ақ төрт алтын, бір күміс және бір қола медаль олжалаған Колумбия спортшылары екінші орынға ие болса, екі алтын, үш күміс, үш қола жүлде жеңіп алған Түркия құрамасы үздік үштікті түйіндеді. Мексикадағы чемпионатта барлығы 22 елдің өрелері жүлдеге иілікті.



ҮШІНШІ ЖЕКПЕ-ЖЕК Т-MOBILE-ДА ӨТЕДІ

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ГЕННАДИЙ ГОЛОВКИН (42-1-1, 37 КО) МЕН МЕКСИКАЛЫҚ САУЛЬ АЛЬВАРЕС (57-2-2, 39 КО) АРАСЫНДАҒЫ ҮШІНШІ ЖЕКПЕ-ЖЕК АҚШ-ТЫҢ ЛАС-ВЕГАС (НЕВАДА ШТАТЫ) ҚАЛАСЫНДАҒЫ Т-MOBILE ARENA СПОРТ КЕШЕНІНДЕ ӨТЕТІН БОЛДЫ.



Бұл туралы бокс кешін өткізуге жауапты Matchroom Boxing промоутерлік компаниясы мен T-Mobile аренасының Twitter желісіндегі ресми парақшасы мәлімдеді. Жанкүйерлердің есінде болса, екі боксшы арасындағы алғашқы екі айқас та дәл осы спорт кешенінде ұйымдастырылған болатын. 2017 жылдың күзінде өткен алғашқы жекпе-жек тең есеппен аяқталған болса, 2018 жылғы қарымта

айқаста мексикалық боксшы төрешілердің шешімі бойынша жеңіске жеткен еді.

Жекпе-жектің өтетін орны белгілі болған соң, трилогияны ұйымдастырушылар билеттер 24 маусымда алдын ала сатылымға, ал 27 маусымнан бастап жалпы сатылымға шығатынын хабарлады. Ең арзан билеттің құны – 305 доллар. Еске салайық, екі мықты арасындағы үшінші айқас 17 қыркүйекке жоспарланған.

ЖАСТАР МЫҚТЫЛЫҚ ТАНЫТТЫ

ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫНДАҒЫ «ОЛИМПИК» СПОРТ САРАЙЫНДА ҚАЗАҚСТАН, ӨЗБЕКСТАН, ГРУЗИЯ, ҚЫТАЙ, ҚЫРҒЫЗСТАН, ТӘЖІКСТАН МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ КІЛ МЫҚТЫ БЫЛҒАРЫ ҚОЛҒАП ШЕБЕРЛЕРІ АРАСЫНДА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРНИР ӨТТІ.

Жастар арасында биыл оныншы рет ұйымдастырылып отырған турнир Сидней олимпиадасының және әлем чемпионатының күміс жүлдегері, Азия ойындарының жеңімпазы, Оңтүстік Қазақстан облысының, Мақтаарал ауданының құрметті азаматы, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт шебері Мұхтархан Ділдебековтің жүлдесіне арналды. Бес күн бойы бағы мен бабын сынаған боксшылар арасындағы әр кездесу тартысты да шиеленісті өтті. Дегенмен салмақ дәрежесінде жеңімпаз атанғандар арасында Түркістан облысының және Қырғызстанның боксшылары басым. Мысалы, Түркістан облысының спортшылары Нұрғиса Тұрабеков, Нұрислам Қалдыбаев, Әділет Елемес, Архат Тұрғынбек, Садриддин Абдулла өз салмақ дәрежелерінде алдына жан салмады. Сондай-ақ 51 кило салмақта актөбелік Оралхан Тұралын, 57 килода өзбекстаннан келген боксшы Саят Ильясов, 67 килода Алматы қаласынан Нұрбек Мурсал, 75 килода Қырғызстан спортшысы Атай Асанбеков, 80 килода тағы бір қырғызстандық Бекбол Мұрасбеков, 86 килода қырғызстандық Әмирхан Ражапов, 92 килода Жамбыл облысының боксшысы Әлижан Қанатбек, 92+ кило салмақ дәрежесінде алматылық Ерсұлтан Сапар жеңімпаз атанды.



Турнир жеңімпаздары мен жүлдегерлерін ел намысын әлемдік ареналарда қорғап Олимпиада, Әлем, Азия чемпионы атанған боксшылар – Ермахан Ибраимов, Болат Жұмаділов, Галиф Жафаров, Мұхтархан Ділдебеков, Біржан Жақыпов, Қайрат Ералиев құттықтады. Сондай-ақ жеңімпаздарға арнайы сыйлықтарды ҰОК спорт дирекциясының басшысы Елсаяр Қанағатов, Шымкент қаласы мәслихатының хатшысы Бахадыр Нарымбетов, Түркістан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Қ.Жолдықараев тапсырды.

ТҮРКІСТАН

САРЫ ҚҰРЛЫҚТА КӨШБАСШЫМЫЗ

ҮНДИСТАННЫҢ БАС ШАҒАРЫ – ДЕЛИДЕГІ ИНДИРА ГАНДИ АТЫНДАҒЫ ЖАБЫҚ СТАДИОНДА ВЕЛОТРЕКТЕН ЕРЕСЕКТЕРДІҢ 41-ШІ, ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ 28-ШІ ЖӘНЕ ПАРАСПОРТШЫЛАР АРАСЫНДАҒЫ 10-ШЫ АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫ ӨЗ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ. ЖЫЛ САЙЫН ҰЙЫМДАСТЫРЫЛАТЫН САРЫ ҚҰРЛЫҚ БІРІНШІЛІГІНЕ БИЫЛ 15 ЕЛДІҢ ҮЗДІКТЕРІ ЖИНАЛДЫ. МҰНДА ПАРИЖ ОЛИМПИАДАСЫНЫҢ ІРІКТЕУІНЕ ҰПАЙ БЕРІЛЕДІ.

Спортты дамыту дирекциясының мәліметі бойынша қазақстандық спортшылар Делиде тәуір нәтиже көрсетіп, бір алтын, бір күміс және екі қола медаль жеңіп алған. Атап айтар болсақ, жасөспірімдер арасындағы бір шақырым қашықтықты уақытқа жарыс бәсекесінде қазақстандық Кирилл Курдири алдына жан салған жоқ. Чемпионның көрсеткіші – 1:02.840 секунд. Оңтүстіккореялық Чон Ву Ким күміс, жапониялық велошабандоз Минато Наканиси қола жүлдегер атанды.

Екі Олимпиадада бақ сынаған тәжірибелі отандасымыз

Артём Захаров омниум бағдарламасында 123 балл жинап, күміс жүлде жеңіп алды. Бұл сында жапониялық Сюнсукэ Имамура топ жарса (152 ұпай), Мұхаммед Ганджханлу 120 ұпай жинап, Иран қоржынына кезекті қола жүлдені салды.

Сондай-ақ әйелдер арасындағы омниум жарысында қазақстандық Рината Сұлтанова 121 ұпаймен үздік үштікті түйіндеді. Жапония спортшысы Цуяко Учино Азия чемпионы атанса (139 ұпай), индонезиялық Делия Аюстина Приатна 123 ұпаймен екінші орынға табан тіреді.

Айта кетейік, омниумды

велотректегі көпсайыс деп атауға болады. Яғни велошабандоздар бір күнде бірнеше бағдарлама бойынша жарысады. Омниумнан Олимпиада жүлдесі алғаш рет 2012 жылы Лондонда сарапқа салынды. 2016 жылдан бастап көпсайыстың құрамында 4 бағдарлама қалды. Олар: скретч (мұнда мәреге кім бірінші келсе, сол жеңеді), ұпайға талас, жан бағу (әр белгіленген айналымда соңғы болып мәре сызығын кескен спортшы жарыстан шығып отырады) мен із кесу жарысы. Байқағаныңыздай, нәтижесінде ең көп ұпай жинаған атлет жеңіске жетеді.

Ал кейрин бәсекесінде өнер көрсеткен отандасымыз Сергей Пономарёв ел қоржынына екінші қола жүлдені салды. Ол бұл жарыста Кохей Тerasаки (Жапония) мен Шахфирдаус Мұхаммед Сахроғма (Индонезия) есе жіберді. Осы бағдарламада жарыс жолына

шыққан тағы бір қазақстандық Андрей Чугай алтыншы сағыға жайғасты.

Кейрин – өткен ғасырдың ортасынан бастап Жапонияда қарқынды дамыған тректегі веложарыс түрі. Спортшылар 2 шақырымға жарысады. Тректегі сынға бір мезетте кем дегенде 6 әрі кетсе 9 спортшы шығады. Позиция жеребе арқылы анықталады. Олар сөреде жанкүйерлерге қарап 2 рет иіліп сәлем беруі қажет. Велошабандоздар бір жарым шақырым бойы көш бастап жүретін арнайы адам – пейсердің соңынан еріп, өзіне ыңғайлы позиция үшін таласады. Ал 500 метр қалған кезде пейсер шетке шығып, мәреге дейін қызу талас жүреді. 2000 жылдан бастап бұл жарыс Олимпиада бағдарламасынан түскен емес.

Айта кетейік, трек пен тасжолдағы велоспорттан құрлық чемпионаты 2017 жылдан бастап бөлек ұйымдастырылады.

VII ХАЛЫҚ СПОРТЫ ОЙЫНДАРЫ – ТОБЫЛ ТӨРІНДЕ

ТОБЫЛ ТӨРІНДЕ ТУ КӨТЕРГЕН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ДОДАҒА ЕЛІМІЗДІҢ 14 ӨНІРІНЕН МЫҢ ЖАРЫМНАН АСТАМ СПОРТШЫ ҚАТЫСЫП ЖАТЫР. ОЛАР ХАЛЫҚ СПОРТЫ САНАТЫНА ЕНГЕН ҚАЗАҚ КҮРЕСІ, ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ, ШАҒЫН ФУТБОЛ, ВОЛЕЙБОЛ, БАСКЕТБОЛ, ГІР СПОРТЫ, ҚОЛ КҮРЕС ЖӘНЕ АСЫҚ АТУДАН СЫНҒА ТҮСУДЕ. БӘСЕКЕДЕ ҰЗЫН ЫРҒАСЫ 34 МЕДАЛЬ САРАПҚА САЛЫНАДЫ.

Ұлттық спорт пен бұқаралық маңызы бар спорт түрлерін дамытуды көздейтін дүбірлі жарыстың ашылу рәсімі Тобыл жалауында Тәуелсіздіктің 25 жылдығы саябағында орналасқан амфитеатрда өтті.

Салтанатты іс-шараға арнайы келіп қатысқан Дене шынықтыру және спорт комитетінің төрағасы Самат Ералиев биыл

жетінші рет өтіп жатқан байрақты бәсекеге қатысушыларды атаулы спорт мерекесімен құттықтап, жарыста сәттілік тіледі.

– Төрт жылда бір айналып келетін халық спорты ойындары өңірлерде жыл басынан бері жүріп жатыр. Бұл жарыстарда әр аймақтың үздік спортшылары анықталды. Енді, міне, сол сыннан сүрінбей өткен



саңлақтар финалдық бәсекеге жиналып отыр. Халық спорты

ойындары олимпиада секілді жоғары деңгейдегі дүбірлі дода

деп ойлаймын. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев әр Жолдауында бұқара мен жасөспірімдер спортына өте зор мән беріп отырады. Олай болса, бұл бәсеке спорттағы биік белестерге бастайтын баспалдақ болғай. Бізге осындай мерекені ұйымдастырып берген Қостанай облысының әкімдігіне және облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасына алғыс айтамын, – деді комитет төрағасы.

Ұйымдастырушылардың мәліметінше, халық спорты ойындарына әр аймақтан 100 шақты спортшы келген. Ресми құттықтаулардан кейін өңір

өнерпаздары спортшылардың құрметіне ән мен күйден, жыр мен биден шашу шашты.

Салтанатты іс-шара барысында Самат Ералиев Францияның Нормандия провинциясында өткен XIX әлемдік гимназияда ел қоржынына олжа салған қостанайлық үш спортшыға, атап айтқанда, баттерфляйдан чемпион болып оралған Дмитрий Энеске, регбиден қола жүлдегерлер Виктория Кузнецова мен Марина Денисоваларға Мәдениет және спорт министрлігінің марапаты табыс етті.

Қостанай облысы

ЖАҢА ЖОБА: ЖАРКЕНТ ЖОЛ БАСТАДЫ

ДҮЙІМ ЖҰРТТЫҢ ДЕЛЕБЕСІН ҚОЗДЫРЫП, ҚАНЫН ҚЫЗДЫРЫП, НАМЫСЫН ЖАНИТЫН СПОРТ ОЙЫНДАРЫ ДА ӘР КЕЗЕҢДЕ ЖАҢАРЫП, ЖАСАРЫП, ТҮРЛЕНІП ТҰРАТЫН ЖАНДЫ ҚҰБЫЛЫС ІСПЕТТІ. БҮКІЛХАЛЫҚТЫҚ РЕФЕРЕНДУМ ҚАРСАҢЫНДА АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ БАСҚАРМАСЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫП, ТҰҢҒЫШ РЕТ ЖАЗИРАЛЫ ЖАРКЕНТТЕ ТҮСАУЫ КЕСІЛІП, СПОРТТЫҚ ОЙЫНДАР ҚАТАРЫНА ЕНГЕН «ТОЛАҒАЙ – АЛЫПТАР САЙЫСЫ» ОСЫ АЙТҚАНЫМЫЗДЫҢ БІР КӨРІНІСІ.

Қазақстандағы жаңа спорттық жобаның негізгі идеялық иесі – қол күресінен халықаралық дәрежедегі спорт шебері, әлемдік жарыстардың рекордшысы Темір Сыпатаев. «Толағай – алыптар сайысының» алғашқы демеушісі – Алматыдағы құрылыс ұйымының басшысы, «Жаңа Жаркент» қоғамдық ұйымының төрағасы, белгілі меценат Жалғас Алтынбеков. Жаңа спорттық жобаның тұсаукесер тұңғыш жарысы Қазақстан Мемлекеттің рәміздерінің 30 жылдық тойына арналды.

Сонымен жарыс өткен жұмада Жаркент қаласындағы орталық стадионда басталып, оның ашылу салтанатында алдымен спорттық іс-шараның құрметіне арналған мерекелік шеру жасалды. Шеруді Жаркент қаласындағы №1 балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің тәрбиеленушілері бастап, Алматы қаласынан келген «Топжарған» этноорталығының өнерпаздары жалғап, аталған аламанға қатысатын облысымыздың аудандарынан келген алыптар халық алдына шығып сап түзеді.

Жарыстың ашылу салтанатына арналған жиында алдымен Ту көтеріліп, Әнұранымыз орындалып, Панфилов ауданының әкімі Марат Сағымбек, облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Нұрбақыт Теңізбаев, «Толағай – алыптар сайысының» бас демеушісі

Жалғас Алтынбеков, бас төреші Темір Сыпатаев тағы басқалар сөз сөйлеп, жарысқа қатысушыларға додада сәттілік тіледі. Ережесіз жекпе-жекпен әлемдік доданың үш дүркін чемпионы Ардақ Назаров, «Қазақстан барысы» сайысының тұңғыш жүлдегері Ұлан Рысқұл сынды еліміздің спорт мақтаныштары сайысқа қатысушыларды құттықтап, жарыстың құрметті қонағы болды. Дүбірлі доданың алдында осы жарысқа Нұр-Сұлтан қаласынан арнайы келген әнші Азамат Есқұл мен бас төреші, жоба авторы Темір Сыпатаев қосылып «Алаш бағы» әнін орындап, баршаның рухын көтерді. Жарыс алдында және үзілістерде, стадион ортасына орналасқан сахнада Жаркент өңірінің әншілері мен бишілері өнер көрсетіп, іс-шараны әуезді патриоттық әндермен, әсем билермен әрледі. Олардың арасында көрермендер ықыласына бөленген Бақытгүл Нұрахметова, Жұлдыз Найзабекова, Азамат Есқұл сынды даусы асқақ әншілер мен Алматыдан арнайы келген «Топжарған» этноорталығының өнерпаздарына көпшілік риза болып қол соққанын айта кеткеніміз артық болмас.

Жарысқа жалпы аймақтың өңірлерінен және Қонаев, Талдықорған қалаларынан келген 24 балуан қатысты. Олардың арасында грек-рим, дзюдо, самбо, қазақ күресінен тағы басқа да спорт түрлерінен халықаралық



жарыстарда ел қоржынына олжа салып жүрген белгілі спортшылар бар. Жаңа жобаның негізгі бес шартына сәйкес, 10 келілік найза лақтыру, 1,5 метрлік темірді мойнына қойып иу, 141 келілік тасты көтеріп, максималды қашықтықты бағындыру, 100 келі тартаын бөренені иыққа қойып отырып-тұру және 500 келі құм тиелген ат арбаны құм төселген жолмен сүйреу бойынша сайысқа түсті.

Жарыс барысында бұл талаптарды орындау алыптарға оңай соққан жоқ. Бас төреші жарыс шарттарын таныстырған соң, алдымен найза лақтыру додасы басталып, найзагерлер арасында Талдықорған қаласынан келген Ибрагим Борсанов 13 метр 20 сантиметрге жеткізіп, алдына жан салмады. Темір иуден Панфилов ауданындағы Кішішыған ауылының балуаны озық өнер көрсетті, бұл жігіт 141 келі салмақтағы тас

көтеруде де 44,4 метр қашықтықты бағындырып, ең жоғары нәтижеге жетті. Бөрене көтеруден Райымбек ауданының балуаны, грек-рим күресінен спорт шебері Қастар Саркытбек 30 рет отырып-тұрып рекорд жасады. Жарты тонналық құм тиелген арбаны сүйреу жарысқа қатысушылардың бәріне де оңайға соққан жоқ. Жарыстың бұл түрінен Алакөл ауданынан келген Мәди Еділбаев 4 метрге сәл жетпей іркілді.

Жарыс қорытындысында жалпы 15 батырға жүлде берілді. Солардың арасында барлық додада ең көп ұпай жинаған Панфилов ауданының балуаны Дәурен Қауменов бірінші орынды жеңіп алып, алтын медаль мен бас жүлдеге тігілген 500 мың теңгені иеленді. Оған жүлдесін аудан әкімі Марат Сағымбек пен облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Нұрбақыт Теңізбаев, ережесіз жекпе-жек сайысының үш дүркін әлем чемпионы Ардақ Назаров табыстады. Ұпай саны бойынша екінші орынды Талдықорған қаласынан келген Ибрагим Борсанов иемденіп, оның жүлдесін бас төреші Темір Сыпатаев тапсырды. Үшінші орын Райымбек ауданының балуаны Қастер Саркытбекке бұйырды. Оған жүлдесін «Қазақстан барысы» күресінің тұңғыш жеңімпазы Ұлан Рысқұл тапсырды.

Біз баяндаған спорттағы жаңа жоба нағыз мықтыларды анықтайтын, ежелден «Күш атасын танымас» деп халқымыз балуандық өнерді ұлықтайтын, нағыз мықтыларды іріктейтін дода түрі болатынына көрерменді сендірді.

Мырзағали НҰРСЕЙІТОВ,
Жаркент қаласы

БАҚ ӨКІЛДЕРІ ҚЫЗЫЛОРДАДА САЙЫСҚА ТҮСТІ

ҚЫЗЫЛОРДАДА ЖУРНАЛИСТЕР АРАСЫНДА ШАҒЫН ФУТБОЛДАН ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ КУБОГЫ ҮШІН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТУРНИР ӨТТІ. ТҰҢҒЫШ РЕТ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛЫП ОТЫРҒАН ДОДАҒА НҰР-СҰЛТАН, АЛМАТЫ, ТАЛДЫҚОРҒАН, ШЫМКЕНТ ҚАЛАЛАРЫ МЕН ЖАМБЫЛ, ТҮРКІСТАН ОБЛЫСТАРЫНАН 9 КОМАНДА ҚАТЫСТЫ.



Екі күнге созылған турнирде жанкүйерлер талай тартысты ойынның куәсі болды. Дода басталғаннан-ақ ширақ ойын көрсеткен «Хабар» агенттігі, «Экспресс-К» тілшілері, Жетісу журналистерінен

жасақталған «Қарекет» пен жергілікті «Ақмешіт» командасы ойыншылары бәсеке түйінделер тұста кездесті. Үшінші орын үшін өткен ойында қызылордалық «Ақмешіт» «Қарекеттен» 5:3

есебімен басым түсті. Финалда кездескен «Экспресс-К» мен «Хабар» футболшылары негізгі ойында тең аяқтап, пенальти тебуден алғашқы ұжым жігіттері басым түсті.

Қала әкімі Асылбек Шәменов турнир жеңімпазы – «Экспресс-К» командасына арнайы кубок пен 1 000 000 теңге табыс етті.

Екінші орын алған «Хабар» командасы – 700 мың, қола жүлдегер – «Ақмешіт» 400 мың, төртінші орын иемденген «Қарекет» командасы 200 мың теңге иеленді.

Алматылық команда құрамындағы Шоқан Махан «Үздік ойыншы», «Қарекет» командасының ойыншысы Есболат Айдаболсын «Үздік шабуылшы» атанды. «Тараз пресс» командасының намысын қорғаған Айбек Қабылша «Үздік қақпашы», шымкенттік Арай Есенбек «Үздік қорғаушы» аталымы бойынша марапатталды.

ҚЫЗЫЛОРДА

АМАНАТ CUP ӨЗ МЫҚТЫЛАРЫН АНЫҚТАДЫ

ЕЛОРДАДА АМАНАТ ПАРТИЯСЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН АМАНАТ CUP БІРІНШІ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ШАХМАТ ТУРНИРІ ӨТТІ. САЙЫСҚА 8-35 ЖАС АРАЛЫҒЫНДАҒЫ ЕКІНШІ ЖӘНЕ ОДАН ЖОҒАРЫ РАЗРЯДАҒЫ 200-ДЕН АСТАМ ҚАТЫСУШЫ ЕЛОРДАНЫҢ БАСТЫ СИМВОЛЫ – «БӘЙТЕРЕК» МОНУМЕНТІНІҢ АЛАҢЫНДА БАҚ СЫНАДЫ.



Чемпионат жеңімпаздарын құттықтаған партияның атқарушы хатшысы Асхат Оралов бұл турнирдің Балалар жылына орай және елімізде шахматты кеңінен насихаттауға бағытталғанын атап өтті.

«Бүгінде Қазақстан әлемдік шахмат рейтингінде 37-орында тұр. Отандық шахматшылар әлемдік деңгейде топ жарып, еліміздің даңқын асқақтатып жүр. Партия дәстүрлі түрде ашық республикалық турнир өткізуді қолға алып отыр. Келесі жылдан бастап бұл бастама еліміздің барлық өңірінде жалғасын табады», деді Асхат Оралов.

Өз кезегінде халықаралық гроссмейстер Жансая Әбдімәлік мұндай чемпионаттардың жас шахматшылар үшін маңызы зор екенін атап өтті.

«Біріншіден, бұл шахмат спортын дәріптеу болса, екіншіден, балалар үшін үлкен тәжірибе. Олар елден шықпай-ақ түрлі деңгейдегі қарсыластармен бәсекеге түсуге мүмкіндік алады. Мұнда қатысушылар көп, демек бәсекелестік бар. Турнирді жоғары деңгейде ұйымдастырғаны

үшін Amanat партиясына алғысымды білдіремін», деді Жансая Әбдімәлік.

Турнир қорытындысына сәйкес «Жастар» категориясы бойынша бірінші орынды Константин Казаков, екінші орынды Бақтияр Нұғыманов және үшінші орынды Талғат Гұбайдуллин иеленді. Ал «Балалар» категориясында Алдияр Аңсат үздік деп танылса, екінші орынды Мадияр Алтынбекұлы және үшінші орынды Әбуәлі Сқақ қанжығасына байлады.

Сайыстың жалпы жүлде қоры 5 млн теңгеден асты. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерді белгілі қазақстандық шахматшылар Жансая Әбдімәлік, Бибисара Асаубаева, Дәрмен Сәдуақасов және Меруерт Камалиденова марапаттады.

Айта кетсек, турнир ФИДЕ рейтингтік есебімен швейцариялық жүйе бойынша өтті. Қатысушылардың жеребесі Swiss Manager бағдарламасын қолдану арқылы өткізілді. Amanat CUP турнирі алдағы уақытта жыл сайын өткізілмек.



ЕҢБЕК – ЫРЫСТЫҢ БҰЛАҒЫ, БАҚЫТТЫҢ ШЫРАҒЫ

НЕМЕСЕ ҚАСИЕТТІ ҰЛЫТАУ ӨңІРІНДЕ ӨТКЕН ТАРИХИ ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ ТУРАЛЫ БІРЕР СӨЗ

ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ПРЕЗИДЕНТ ҚЫЗМЕТІНЕ РЕСМИ КІРІСУ РӘСІМІНДЕ (2019 ЖЫЛЫ 12 МАУСЫМ) СӨЙЛЕГЕН СӨЗІНДЕ: «БІЗ ҚОҒАМДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРДІ АЙҚЫН КӨРІП ОТЫРМЫЗ. ЕҢ БІРІНШІ, АЗАМАТТАР БАРЛЫҚ ЖЕРДЕ ӘДІЛДІК ОРНАУЫН ҚАЛАЙДЫ. БІЗ ҮШІН ЕҢ МАҢЫЗДЫ МІНДЕТ – ЗАҢҒА САЙ АДАЛ ҚЫЗМЕТ ЕТУ. МЕНІҢ МАҚСАТЫМ – ҚОҒАМНЫҢ БІРЛІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӘНЕ ӘРБІР АЗАМАТТЫҢ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ», – ДЕДІ. «ПРЕЗИДЕНТ ӨЗІ АЙТҚАНДАЙ, ҚОҒАМДАҒЫ ҚОРДАЛАНҒАН, ЕЛДІ АЛАҢДАТҚАН, АЛАҢҒА АЛЫП ШЫҚҚАН, КӨПТІҢ КӨКЕЙІНДЕ ЖҮРГЕН ТҮЙТКІЛДІ МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ ТҮЙІНІН РЕФОРМАЛАР АРҚЫЛЫ ТАРҚАТЫП БЕРДІ. ОСЫ ЖОЛДА ТАҒДЫРЛЫ ШЕШІМДЕР ҚАБЫЛДАП, БАР ЖАУАПкершілікті мойнына алып, табандылық танытты. Сондықтан ел болашағы таразыға түскен тарихи таңдауда халық заң үстемдігі талтанат құратын құқықтық мемлекетті, ашық, азаматтық қоғамды, демократиялық республиканы – ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАНДЫ ЖАҚТАП ДАУЫС БЕРДІ. РЕФОРМАЛАРДЫҢ ҚОРЫТЫНЫСЫ ІСПАТТИ РЕФЕРЕНДУМ ДА СЕТІНГЕН СЕНІМДІ ҚАЙТА ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІП, ЕЛДІ ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ТӨңІРЕГІНЕ ТОПТАСТЫРДЫ, ҰЛТТЫ ҰЙЫСТЫРДЫ. ХАЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕРДІҢ КУӘГЕРІ ЕМЕС, ҚОЗҒАУШЫ КҮШІНЕ АЙНАЛДЫ, СОЛ АРҚЫЛЫ ОРТАҚ ЖАУАПкершілікке ие болды», – ДЕДІ «ЕГЕМЕН ҚАЗАҚСТАН» ГАЗЕТІНІҢ БАСШЫСЫ ДАРХАН ҚЫДЫРӘЛІ ӨЗІНІҢ «ЖАҢАНЫҢ БАСЫ...» АТТЫ МАҚАЛАСЫНДА.

Мемлекет басшысының жалпы халықтық референдумынан кейін екі аптадан соң Ұлытау облысында Ұлттық құрылтайды өткізуі шын мәнінде тарихи оқиға екені даусыз. Ертеректе, Қазақ ордасы хандарының құрылтайлары Алаша хан, Жошы хан кесенесі тұрған Ұлытауда, ұлы хандардың сүйегі жатқан Түркістанда өткенін көзі ашық азаматтардың бәрі де біледі. Осы қасиетті мекендерде «Қасым ханның қасқа жолы, Есімханның ескі жолы», өз Тәукенің «Жеті жарғысы», «Күлтебеде күнде жиын» деген сөз орамдары бекер қалмаса керек. Қазақтың басын қосқан Қасым хан Ұлытауды кезінде мекен етсе, қазақтың соңғы ханы Кенесарыны да Ұлытауда ақ киізге отырғызып, хан көтеруі де ата-баба дәстүрінің сабақтастығын анық байқағандайсың. Енді, міне, бүгінгі күнде Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев осынау тарихи оқиғалардың іздерін жаңғыртып, ата-бабаларымыздың рухына бас иіп, Ұлттық құрылтайдың алғашқы отырысын Ұлытау өңірінде өткізілуі де заңдылық дер едім.

Құрылтайда Президент Қасым-Жомарт Тоқаев: «Алдымызда ауқымды жұмыс бар. Ең бастысы, елімізде бейбітшілік пен тұрақтылық болуы керек. Онсыз Қазақстанның өсіп-өркендеуі мүмкін емес. Бейбітшілік пен тұрақтылықтың өзегі ел бірлігі екенін есте сақтайық. Халқымыз «Береке – басы бірлік» деген. Қазір әлемдегі ахуал құбылмалы. Оны жақсы білесіздер. Осы күрделі кезеңде ауызбіршілігіміздің мықты болуы өте маңызды. Біз киындықтың бәрін ынтымақтың арқасында еңсеріп келеміз. Болашақта да осы жолдан таймауымыз керек. Мен халқымыздың жасампаздық рухына кәміл сенемін. Қазақ елінің мәртебесі биіктей берсін. Мен тағы бір маңызды бастама көтергім келеді. Бұл жерде барлық рудың таңбасы тасқа жазылған. Сол арқылы бабаларымыз ұлт бірлігін көрсеткен. Қаныш Сәтбаев «Еліміздің ту тіккен жері – Таңбалы тас» деген. Өкінішке қарай, қас-терлі жазулар кейін әбден бүлінді. Ел азаматтары Ұлытауға ескерткіш қойып, тастағы таңбаларды жаңғыртты. Бірақ бұл жеткіліксіз деп ойлаймын. Мұнда қазақтың бірлігін әйгілейтін сәулетті нысан тұруы керек. Мен Әулиетаудың етегінде мемлекеттік рәміздер алаңын ашуды тапсырамын. Сол арқылы ұрпақтар сабақтастығы жалғасып жатқанын көрсетеміз. Тамыры терең мемлекетіміздің жаңа дәуірі басталғанын білдіреміз», – деді Мемлекет басшысы.

Болат КЕРІМБЕК,
Алматы облысы Ішкі саясат басқармасының басшысы:



– Ұлттық құрылтайдың өтуіне мен де ерекше мән бердім. Өте ауқымды, елдің көкейінде жүрген күрделі мәселелер кеңінен көтерілді. Алдымен Ұлттық құрылтай мен Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің айырмашылығына тоқтала кеткенім дұрыс болар. Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінде талқылау нысанасы ағымдағы әлеуметтік-экономикалық проблемалар, саяси реформалау мәселесі көтерілсе, Ұлттық құрылтайда жалпыұлттық құндылықтар негізінде қоғамдық шоғырландыруды одан әрі дамытуға қатысты ұзақ мерзімді сипаттағы мәселелер талқыланады. Ұлттық құрылтай – ел Президенті жанындағы консультативтік-кеңесші орган. Соған сәйкес оның құрамы бойынша ұсыныстарды Мемлекет басшысының Әкімшілігі талқылайды. Ұлттық құрылтай отырысына тек Ұлттық құрылтай мүшелері ғана қатысады, – дейді Мемлекеттік кеңесшісі Ерлан Қарин.

Президент құрылтайда Жаңа цифрлы технологиялық мүмкіндікті кеңінен пайдалану қажеттігін баса айтты: «Сонда мемлекет пен халықтың қарым-қатынасы барынша тиімді болмақ. Мен Qurlultau деген арнайы мобильді қосымша әзірлеуді ұсынамын. Сол арқылы халық елді жаңғырту туралы ой-пікірін онлайн режимде айта алады. Жұрт реформаның нақты пайдасын көруі қажет және тікелей қатысуға мүмкіндігі болуы керек. Азаматтар өзекті мәселелер бойынша интерактивті сауалдамаға қатысады. Кез келген түйткілді шешу жолын ұсынып, елімізді жаңғыртуға өз үлесін қоса алады».

Міне, көріп отырғанымыздай, келер жылы Түркістан қаласында өтетін құрылтайға ниет еткен барлық азамат үйлерінде отырып та қатысуға болады деген сөз. Біздің облыстан осынау тарихи шараға «Жетісу» телеарнасының басшысы Серік Әбікенұлы қатысты. Қарап отырсам, елімізде Президенттің басшылығымен соңғы үш жылда халықтың еңсесін көтеретін біраз шаруа атқарылды. Ең негізгісі, билік пен халық арасында мазмұнды байланыс орнатылды. Митингілер туралы демократиялық заң күшіне енді. Партиялық сайлау тізіміне әйелдер мен жастар үшін отыз пайыздық квота енгізілді. Қоғамдық кеңестердің жұмыстары жандана түсті. Жергілікті әкімдер сайлауға түсті. Оны айтасыз, Президент жаңадан ашылған облыстарға әкімдерді тағайындамай, халықтың таңдауына ұсынды. Осылардың өзі-ақ Жаңа Қазақстанның жаңаша өмір сүрудің алғашқы қадамдарын айқындап тұрған жоқ па?!

Рустам АЛПЫСБАЕВ,
Алматы облысы Ескелді ауданының әкімі:



– Құрылтайда тіл мәселесіне де ерекше мән берілді. Президент: «Мен Тіл білімі институтына қазақ тілінің жаңа орфографиясы туралы арнайы еңбек әзірлеуді тапсырдым. Содан кейін ғана латын әліпбиіне ауысу жөнінде айтуға болады. Асығыстыққа жол бермеуіміз керек. Тіпті көшедегі билбордтар мен министрліктердің атауына қарасақ та жеткілікті. Тіліміз бұрмаланып кетті. Ашығын айту керек, бұл қазақ тілінің табиғатына жат, тіпті тілімізді мазак қылу сияқты көрінеді. Мұндай үстірт жасалған тіл реформасының қажеті жоқ. Бізге нақты реформа керек. Тілге байланысты тағы бір мәселе. Бұл латын әліпбиіне көшу туралы. Кейбір қоғам өкілдері біз әлі күнге дейін кириллицадан арыла алмай жатырмыз деп алаңдаушылық білдіруде. Бірақ, ең алдымен, бұл лингвистикалық тұрғыдан өте күрделі мәселе. Осыны жақсы түсінген жөн. Бұған дейін біз екі рет латын графикасына көшуге тырыстық. Алайда соңы сәтті болған жоқ. Сондықтан бұл мәселеге жан-жақты, терең талдау жасап барып, түбегейлі шешім қабылдаған абзал», – деді Мемлекет басшысы.

Ұлт ұстазы, ғалым Ахмет Байтұрсынұлының мынадай ғұлама сөзі бар: «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл» деген екен. Сол себептен Президенттің Тіл туралы айтқан пікіріне мен толық қосыламын. Енді қараңызшы. Қазақ халқы бірнеше ғасырды соңына қалдырып, 1929 жылға дейін араб жазуын пайдаланып келгенін барша жұрт жақсы біледі. Нақтылай түссек, еліміз жиырмасыншы ғасырдың басында араб графикасына негізделген «төте жазуды» қолданды. Ал 1929 бен 1940 жылдар аралығында латын графикасына негізделген әліпбиді жазу жүйесіне енгізіледі. 1940 жылдан бері қарай кирилл әліпбиін

колданып жүрміз. Мысалы, Түркия елі латынға 1928 жылы көшсе, көршіміз Өзбекстан мен Әзербайжан КСРО тарағаннан кейін-ақ, 1993 жылы латын әрпіне көшіп алған екен. «Сабыр түбі – сары алтын» демекші, әлі-ақ латын графикасына көшеріміз анық. Бүгінгі күннің өзінде де латынша жазылған атауларға қарап, көзіміз үйреніп қалды. Президентіміз айтқандай, қазақ мемлекеті аман тұрғанда, қазақ тілі дамып, жасай беретініне сенімдімін.

Ал бұқаралық спорт жағына келсек, аудан халқы дене шынықтыру мәселесіне өте белсенді өз үлестерін қосуда. Дәл бүгінгі күні Ескелді ауданының Екпінді ауылында «Тау-Жетісу» демалыс аймағында параплан спортының дәлме-дәл қону түрінен әлем кубогының дүбірлі додасы өтіп жатыр. Бұл жарысқа әлемнің 27 мемлекетінің спортшылары қатысуда. Осы жерде әлем кубогы сарапқа салынған соң, іле-шала Азия чемпионаты жалғасады. Спортшылардың жақсы дем алып, жарыста оңды нәтижелерге қол жеткізуі үшін аудан тарапынан барлық жағдай жасалды.

Мерей СҮЙІНОВ,
қаратөден әлем чемпионы, Талдықорғандағы орталық жүзу бассейнінің директоры:



– Ұлттық құрылтайдың барысын телеарналардан әлденеше рет көрдім. Алдымен Ұлытау облысының ашылғанына қуандым. Қасиетті, тарихи мекеннің жасарып, жаңарғанына таубе еттім. Ұлы құрылтайдың бүгінгі дүбірін естіп, Алаша хан мен Жошы хандарымыз жатқан жерлерінде бір аунап түскен болар. Ұрпақтар сабақтастығы дегеніміз де осы. Әйтсе де, әлеуметтік желіде айтылған сөздер де баршылық. Бірақ біздің көрген, парасатты Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ел ішіндегі әлдекімдердің айтқан сөздеріне де мән беріп, дер мезгілінде жауап қайтарып отыратынына да тәнтімін. Президент: «Әлеуметтік желіде «ескі кадрмен Жаңа Қазақстанды қалай құруға болады?» дейтіндер бар. Бұл орынды сұрақ. Бірақ негізінен кадрларды біртіндеп ауыстыру керек.

Қазақ – қолы ашық, қайырымды, қонақжай халық. Бұған ешкімнің таласы жоқ. Бірақ әлемде осындай қасиеттерге ие халықтар да аз емес. Жастарымыз ең алдымен зияткерлік, қабілеті жоғары, ойы ұшқыр, еңбекқор болуы қажет. Қазір ақыл-ой және дарын иелерінің заманы. Қазақстан да осы көштен шет қалмауға тиіс. Озық білім мен қажырлы еңбекті ұштастыра білсек қана еліміз өсіп-өркендейді. Көздеген мақсатына жетеді. «Еңбек – ырыстың бұлағы, бақыттың шырағы» екенін естен шығармайық. Хақымыз қанағатшыл, үнемшіл, өнертапқыш болуға ұмтылуы керек. Осындай жақсы қасиеттер әркімнің мұратына айналуға тиіс», – деді. Сондай-ақ Президент Қазақстан тарихының көп томдығының әзірленіп жатқанын да тілге тиек етті. Құдай қаласа, ғалымдарымыз бұл жұмысты келер жылы бітіретін көрінеді. Тарихымыз туралы кейбір көршілес елдің азаматтарының да шолақ ойлайтыны да рас. Тәуелсіздігімізге сай тарихымыз жазылса, елдігімізді көре алмайтындарға нақты жауап болар еді дегім келеді.

Реті келіп тұрғанда айтсам, әлемдегі теңдесі жоқ Талдықорған қаласындағы орталық су бассейніне көпшіліктің назары ауып отырғаны рас. Бүгінгі таңда су спортына деген балалар мен жасөспірімдердің ынта-жігері өте жоғары екенін ашық айтқым келеді. Қазіргі таңда су добынан 5 жаттықтырушы 199 оқушыны, жүзуден 24 жаттықтырушы 1035 баланы және синхронды

(көркем) жүзуден 75 жасөспірімге тәлім-тәрбие беруде. Су спорты дамыған Алматы, Нұр-Сұлтан және Тараз қалаларынан білікті маман-жаттықтырушыларымен келіссөздер жүргізудеміз. Көп ұзамай жастарымыз су спорты түрлерінен де биік белестерді бағындырады деген үміттеміз.

Нұрбақыт ТЕНІЗБАЕВ,
Бейжің Олимпиадасының күміс жүлдегері, Алматы облысы Дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы:



– Ұлттық құрылтайда бұқаралық спорттың да мәселесі айтылды. Атап айтқанда, Қазақстан жекпе-жек өнері қауымдастығының вице-президенті Сәрсен Құранбек мектеп спорты мен студенттер арасындағы спортқа басымдық беру керектігіне тоқталды. Ол Ұлттық спорттың маңыздылығына тоқтала келіп, жастарды спортқа баулып, тәрбиелейтін маман-жаттықтырушылардың білімі мен шеберліктері туралы өз ойларын ортаға салды. Осы орайда Жетісу өңірі спортшыларының қол жеткізген табыстары атап өтерліктей дер едім. Бүгінде облыс халқының бұқаралық спортпен шұғылданыуы 34,5 пайыз болса, 2025 жылға қарай бұл көрсеткіш 50 пайызға артығымен орындалатынына сенімдіміз. Сонымен қатар Мемлекет басшысының тапсырмасымен іске асырылған балалар спорты мен шығармашылығын дамыту жөніндегі жобалар да өңірімізде ойдағыдай қолға алынды. Бүгінгі таңда облыста 159 жеке кәсіпкер 40 мыңға жуық баланы спорттың 20 түрімен қамтамасыз етіп отыр. Биыл 16 мың баланы жыл соңына дейін тегін спорт үйірмесімен қамту жоспарланса, 2023 жылы 20 мың баланы спорт секциясы мен үйірмесіне тартсақ деген ойымыз бар.

Спортшыларымыз жыл ішінде республикалық және халықаралық жарыстарда 2663 медаль ұтса, соның 888-і алтын, 799-ы күміс және 976-сы қола екенін де мақтанышпен айта аламыз. Қол жеткізген табыстардың барлығы да тәуелсіздігіміздің арқасы деп білемін. Президентіміз айтқандай, бірлік бар жерде, береке бар дегім келеді. Спортшы ретінде айтсам, құрылтайда Президент Әулиетаудың етегінде Мемлекеттік рәміздер алаңын салуды өте орынды көтерді дегім келеді. Қасиетті, тарихи өлкеде көк байрағымыз асқақтап тұрса, жас ұрпақтың қанатын қаттайтып, ұлттық рухын биікке көтеретіні де анық.

Иә, маусымның 16-сы күні Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлытау өңіріндегі ұлттық құрылтайды сәтті өткізіп, 17 күні бүкіл әлем халқы көз тіккен Ресейдің Санкт-Петербург шаһарында өткен халықаралық экономикалық форумына да қатысты. Көпшілік алдында сөз сөйлеп, тосын сұрақтарға мүдірмей, парасаттылықпен жауап та қайтарды. Ол туралы «Жас алаш» газетінде: «Президентіміз арыстандай айбаттылығымызды, қабыландай қайраттылығымызды, барыстай тектілігімізді, жылқы мінезді халық екенімізді көрсетті. Кешегі өткен бабаларымыз Мөде мен Атилланың, Естеміс пен Күлтегіннің, Жошы мен Қасым ханның, Абылай мен Кенесарының хәм Қабанбайдың рухы бойымыздан өшпегенін таныттық. Тізесі батқандар мен сөзі өткендерге тосыннан сокқы бердік. Қабырғалы ел екенімізді, көкейіндегісін күлбілтелемей, ашық айтатын жұрт екенімізді айғақтадық», – деді тілші Күлтегін Бек.

Бұған біздің де алып-қосарымыз жоқ. Тек береке-бірлігіміз бекем болсын дегім келеді.

Мәулетхан АҚСАНОВ,
«Қазақ спорты» газетінің өз тілшісі



ПРОГРАММА ART SPORT, КОТОРАЯ ОКАЗАЛАСЬ В ЦЕНТРЕ СКАНДАЛА ИЗ-ЗА УГРОЗЫ ЗАКРЫТИЯ, ПРОДОЛЖИТ РАБОТАТЬ. ОБ ЭТОМ ЗАЯВИЛ МИНИСТР КУЛЬТУРЫ И СПОРТА. СО СЛОВ ДАУРЕНА АБАЕВА ВСЕ ОДОБРЕННЫЕ И ПОДТВЕРЖДЕННЫЕ ПО НЕЙ ВАУЧЕРЫ БУДУТ ОПЛАЧЕНЫ. ПОКРЫТЬ ДОЛГИ ПОРУЧЕНО АКИМАТАМ. СЕЙЧАС ПО ЭТОЙ ПРОГРАММЕ ПОЧТИ ПОЛ МИЛЛИОНА ДЕТЕЙ ПОСЕЩАЮТ СВЫШЕ 15 ТЫСЯЧ КРУЖКОВ И СЕКЦИЙ. НА ЭТО ИЗНАЧАЛЬНО ВЫДЕЛИЛИ БОЛЕЕ 32 МЛРД ТЕНГЕ. ОДНАКО ЭТОЙ СУММЫ ОКАЗАЛОСЬ НЕДОСТАТОЧНО. ДО КОНЦА ГОДА, ПО СЛОВАМ АБАЕВА, ДОПОЛНИТЕЛЬНО ТРЕБУЕТСЯ 97 МЛРД ТЕНГЕ.

В последнее время казахстанцы обеспокоены вопросом возможной отмены дальнейшего функционирования системы спортивных секций и творческих кружков. Напомним, программа «Арт спорт» в Казахстане была запущена во втором полугодии 2021 года. Благодаря ей дети в возрасте от 4 до 17 лет по всей республике получили возможность заниматься спортом и творчеством бесплатно. Однако в марте этого года действие этой программы приостановили.

«В настоящее время остро стоит вопрос финансирования данной программы. Так, сегодня 495 тыс. детей посещают свыше 15 тысяч кружков и секций. На это было выделено более 32 млрд тг. Вместе с тем, дополнительная потребность до конца года составляет 97 млрд тг», – пояснил Даурен Абаев, добавив при этом, что «Артспорт» – далеко не единственный механизм развития массового спорта.

Так, хороший эффект получен за счет запуска 41 физкультурно-оздоровительного комплекса, из которых 32 открыты в районных центрах и селах. Также в сельской местности введены 3064 единицы спортивных инструкторов, ответственных за организацию спортивных мероприятий и секций. Для вовлечения молодежи в спорт в прошлом году зареабтали национальные школьные и студенческие лиги по таким дисциплинам как баскетбол, волейбол, футбол, казакша күрес, настольный теннис.

На всех уровнях системы образования введена доплата за проведение внеурочных мероприятий педагогам физической культуры. Это более 30 тыс. учителей физической культуры. На эти цели в 2022-2024 гг. регионами будет выделено дополнительно 21 млрд тг. В целом сегодня охват детей дополнительными спортивными секциями и кружками составляет 73%.

Помимо системы подушевого финансирования и секций при учреждениях образования еще 386 тыс. детей учатся в ДЮСШ. Общий объем финансирования в 2022 году составляет 123,7 млрд тг.

Министр культуры и спорта опроверг домыслы о полной остановке

работы программы Арт спорт.

«Мы ни в коем случае не отказываемся от ответственности. Прежде всего, все разговоры о том, что программа будет закрыта, не имеют под собой никаких оснований. Отдельно хочу отметить, что все одобренные и подтвержденные на текущий момент ваучеры будут оплачены. Регионы выделяют на это необходимые средства. К примеру, акимат Алматы уже изыскал на эти цели свыше 4 млрд тг», – сказал он.

Вместе с тем он признал, что перебои в работе системы действительно наблюдались. Был выявлен ряд недоработок, связанных с верификацией данных, автоматизацией очередей и распределения средств, проверкой отчетов поставщиков услуг и т.д. В настоящее время для устранения этих проблем Министерством культуры и другими заинтересованными госорганами вносятся изменения в правила. Этот процесс состоит из двух этапов.

На первом этапе изменения в приказы были внесены в мае текущего года. Нормы усилили требования к квалификации преподавателей и тренеров, увеличили срок рассмотрения заявлений акиматами, внедрили мониторинг за контролем качества и целевым освоением в электронном и общедоступном форматах и т.д.

Кроме того, будет пересмотрена стоимость спортивных секций и творческих кружков. Этот шаг нацелен на увеличение охвата программы.

Также отныне будет внедрен принцип приема только одного заявления на услуги спортивных секций или творческих кружков в рамках государственного спортивного, творческого заказов и образовательного заказа на дополнительное образование (МОН РК). Д. Абаев пояснил, что сегодня, к примеру, один ребенок может ходить в секцию при школе, в секцию в рамках «Арт спорта» и в творческие кружки. Но сейчас такой возможности не будет – один ребенок сможет выбрать одну секцию. Делается это для того, чтобы обеспечить больший охват желающих посещать секции и кружки.

Следующее изменение касается оптимизации списка видов спорта и



творческих кружков с с 71 до 30 и с 59 до 30 соответственно.

«Для начала мы хотим оптимизировать классификатор за счет сокращения дублирований. К примеру, сейчас там есть просто настольный теннис, настольный теннис для детей с ограниченными возможностями по зрению, настольный теннис для детей с поражением опорно-двигательного аппарата и адаптивный теннис. Все эти секции продолжат свою работу, просто в классификаторе они будут объединены общим зонтичным названием. Похожая ситуация с легкой атлетикой. Но есть и те виды спорта, которые мы полностью убираем. Об этом мы еще сообщим дополнительно», – проинформировал глава Минкультуры.

Еще одно в списке изменений – утвержденный минимальный возраст детей для начала тренировок в зависимости от вида спорта. Здесь планируется отталкиваться от действующей нормативно-правовой базы. В частности, от приказа «Об утверждении возраста спортсменов по видам спорта в физкультурно-спортивных организациях, в которых осуществляется учебно-тренировочный процесс по подготовке спортивного резерва».

Так, к примеру, на художественную гимнастику принимаются дети с 5 лет, а на бокс – с 12 лет. Главная цель этих изменений – защитить детей от травм и вреда здоровью.

Также будут усовершенствованы требования к помещению в части:

- санитарно-эпидемиологического состояния;
- соответствия на противопожарную безопасность;
- оснащения камерой видеонаблюдения с возможностью сохранения видеозаписи не менее чем на 30 календарных дней;
- оснащения спортивным и прочим инвентарем.

«Эти меры нацелены на обеспечение безопасности детей и соблюдения их прав», – пояснил Д. Абаев.

Контроль над соблюдением данных норм предлагается осуществлять совместно с общественными организациями и непосредственно самими участниками программы.

Кроме того, Даурен Абаев рассказал о новом круглогодичном тренировочном центре, который будет создан на базе Республиканского колледжа спорта в Алматы. Его откроют не вместо колледжа, а при нем. При этом сам колледж продолжит работу в прежнем режиме.

Более того, его модернизируют, улучшат материально-техническую базу, привлекут новых высококвалифицированных специалистов.

«Куда идут дети после окончания школы? Они идут в колледж, в том числе и в РКС. После колледжа только первые номера попадают в сборную. Остальные ребята нигде не уходят, то есть не имеют возможности продолжить спортивную карьеру. Многие уходят юристами, таксистами, фитнес-инструкторами. Благодаря тренировочному центру мы даем им еще один шанс. Мы продлеваем им спортивную карьеру», – сообщил он.

При этом глава ведомства отметил, что учащиеся школы при РКС будут переведены в РГУ «Республиканская специализированная школа-интернат-колледж олимпийского резерва имени Каркена Ахметова» и РГУ «Республиканская специализированная школа-интернат-колледж олимпийского резерва микрорайона Шаңырақ города Алматы».

«Многие путают колледж и школу. Колледж, который имеет многолетние традиции, он останется. И в этом году будет новый набор. Большинство не знает, что школа работает только с 2011 года. Дети будут переведены в

две другие школы в Алматы по видам спорта, которыми они занимались», – пояснил министр.

На базе тренировочного центра спортсмены, которые не попали в основной состав сборных, смогут осуществлять круглогодичную подготовку к крупным международным стартам, в том числе Олимпийским играм и чемпионатам мира. В тренировочном центре могут проходить подготовку перспективные спортсмены, в том числе из регионов и малообеспеченных семей. Таким образом, будет создана здоровая конкуренция и мотивация, обеспечен качественный резерв для штатных сборных команд Республики Казахстан.

Следующий вопрос, волнующий соотечественников – появится ли на территории урочища Бозжыра гостиницы и другие объекты туризма. На это Даурен Абаев ответил, потенциал по развитию цивилизованного туризма на территории урочища Бозжыра имеется, но этот вопрос нужно обсуждать совместно с общественностью, инвесторами и экологами.

«По поводу урочища Бозжыра пока никаких планов нет. Сейчас там просто дикий туризм, бесконтрольный. Представьте, если бы не было Медеу – ходили бы люди? Ходили. Катались бы на искусственных катках. Но ни о какой чистоте и ухоженности речь бы не шла. В урочище Бозжыра примерно такая сейчас ситуация», – сказал министр.

При этом он подчеркнул, что если строить гостиничный комплекс, то делать это нужно вблизи урочища и при соблюдении всех экологических требований.


«Мы должны при соблюдении всех экологических требований построить отель вне самой территории Бозжыры. Тогда люди будут приезжать на цивилизованный туризм. Это также позволит развивать многие вещи – люди будут приезжать с камерами, снимать. Имею в виду не только туристов, а также кинопроекты. Многие вещи можно было бы правильно сдвинуть в этом направлении», – добавил он.

Министр считает, что решение по строительству нужно принимать совместно с общественностью, инвесторами и экологами.

Напомним, программа Art Sport заработала осенью во всех городах. В рамках неё детей от 4 до 17 лет обеспечили бесплатными занятиями в кружках и секциях, однако в марте финансирование резко прекратилось.

Арман МУКАНОВ





Кирилл САВИЦКИЙ:

НУЖНО ПРОДОЛЖАТЬ РАБОТАТЬ НАД СОБОЙ И ИСПОЛЬЗОВАТЬ СВОИ МОМЕНТЫ

НАПАДАЮЩИЙ «БАРЫСА» И СБОРНОЙ КАЗАХСТАНА КИРИЛЛ САВИЦКИЙ ПОДВЁЛ ИТОГИ ЧЕМПИОНАТА МИРА, А ТАКЖЕ РАССКАЗАЛ О СВОЁМ ВОССТАНОВЛЕНИИ ПОСЛЕ ПОВРЕЖДЕНИЯ.

проиграли всего в одну шайбу.

– Да, в этих матчах мы оставили очень много сил. Мы сами доводили встречи до такого результата. Ненужные удаления, невынужденные ошибки были, но все выкладывались. После каждой встречи мы разговаривали с ребятами, от матча к матчу улучшали свою игру.

– Чемпионат ты начал в звене с Сагадеевым и Старченко, потом перешёл в тройку к Волку и Михайлису. Трудно ли было перестроиться, ведь времени на притирку было не так много?

– После неудачных матчей тренерский штаб менял сочетания. Конечно, приходилось оперативно перестраиваться. Сначала в тройке Кёртиса играл Женья Рымарев, но он получил травму прямо перед стартом чемпионата. Наверное, главный минус, что мы много играли в меньшинстве, много оставляли сил. В атаке старались создавать моменты под воротами, набрасывать, подставлять, добивать.

– Все говорят, что уровень нынешнего чемпионата мира был выше прошлогоднего. Можешь сравнить эти два турнира со своей точки зрения?

– Скорее всего, да, уровень в этом году выше. Особенно это чувствовалось по защитникам. Они очень чётко действовали в своей зоне, практически не давали нам подолгу контролировать шайбу, сразу шли в отбор почти в любой ситуации, много шайб на себя ловили. И практически за каждую ошибку в любой зоне нас сразу наказывали опасным моментом или заброшенной шайбой.

– В этом сезоне ты забросил

свою первую шайбу в КХЛ и на чемпионате мира в элите. Как ощущения?

– Забывать всегда приятно. Наверное, когда я забросил в матче с Данией, спал какой-то груз. Мог забивать больше и в других матчах. Нужно продолжать работать над собой и стараться использовать свои моменты.

– Если ты вспомнил матч с Данией, давай попробуем разобрать, что же произошло в этой игре?

– Даже сейчас трудно это описать. В первые минуты показалось, что соперник раз в десять быстрее и сильнее нас. Когда пришли в себя, счёт был уже большим. Наверное, тот результат сказалося и на следующем матче с Францией. Я думаю, если бы мы сыграли с Францией чуть позже, то результат мог быть другим. Но что сейчас об этом говорить. Счёт был на табло. Получается, первые две игры мы только вкатывались.

– Какой матч тебе лично больше всего запомнится?

– Матч с Германией я точно никогда не забуду (улыбается). С Канадой был неплохой матч, побились. Всегда приятно играть с таким сильным соперником. Со швейцарцами тоже было интересно, мобильная команда, хорошо играет в пас.

– По проценту нейтрализации большинства соперников наша команда стала худшей в рамках группового этапа. Ты и сам часто играл в меньшинстве, что случилось с этим компонентом?

– Все команды очень хорошо играли под воротами, закрывали вратаря, хорошие броски были. Были и неприятные для нас отскоки. Четыре или пять шайб нам залетели с рикошетов, шайба меняет направление, и вратарь уже ничего не может сделать. Удача в этих моментах была не на нашей

стороне. Опять же с Данией мы много пропустили в меньшинстве, и так дальше пошло. Мы постоянно разбирали эти моменты на видео. Но, например, в матче с Канадой один бросил, другой подправил, и шайба рикошетом от третьего залетает. Тут тяжело что-то сделать.

– Давай немного отвлечёмся от хоккея. Как проводили свободное время? Если оно, конечно, было.

– В основном, гуляли по городу. Возле отеля стояли электросамокаты, можно было на них передвигаться. Дворец был недалеко от отеля. Также возле отеля было небольшое озерцо, там у нас были утренние командные прогулки, когда играли в обеденное время. Что запомнилось – очень много спортсменов в городе, на каждом шагу бегают или ещё чем-то занимаются. И никаких пробок, даже в центре города, почти все передвигаются на велосипедах.

– А был на турнире какой-то момент, который запомнился с негативной стороны?

– Наверное, тот день, когда мы играли с Канадой, и был инцидент на арене. Мы уже должны были выезжать на игру, а матч перед нами ещё даже не начался. Проснулись, провели собрание, потом опять подвешенное состояние. Начали играть уже в 21:30, ночная лига получилась (улыбается). В целом, всё прошло хорошо. Арена видно, что старая, но неплохая.

– В завершении по традиции пару слов болельщикам.

– Могу только поблагодарить наших болельщиков за поддержку, они приходили на каждый матч. Мы слышали их каждую игру, спасибо, что они были рядом с нами, прожили все эти моменты, как радостные, так и не очень. Спасибо и тем, кто сидел перед экранами дома. Мы все вместе прошли этот путь.



Фото – пресс-служба ИИХФ.
Генеральный партнёр ХК «Барыс» – АО «ФНБ «Самрук Казына»
Партнёр ХК «Барыс» – КФ «Фонд поддержки индустрии туризма и спорта»

– Кирилл, как твоё здоровье? По трансляции тот эпизод в матче с Германией выглядел жутко.

– Два дня болела голова, но сотрясения нет. Остаточный эффект был. Наши врачи проделали огромную работу, оперативно среагировали,

зашили. Думаю, недели две нужно, чтоб всё восстановилось. Пару недель отдохну и буду готовиться к новому сезону.

– Сборная Казахстана выполнила главную задачу, но показалось, что команда была готова на большее. Учитывая, что четыре матча

НЕОЖИДАННЫМ ИСХОДОМ ЗАВЕРШИЛСЯ БОЙ СУПЕРТЯЖА

НЕБИТЫЙ КАЗАХСТАНСКИЙ БОКСЕР ИВАН ДЫЧКО (12-0, 11 КО) ОДЕРЖАЛ ОЧЕРЕДНУЮ ПОБЕДУ НА ПРОФИ-РИНГЕ.



На этот раз в Буэнос-Айресе (Аргентина) он победил местного боксера Кевина Эспиндолу

(7-4, 2 КО), сообщают Vesti.kz.

Этот бой был первым для Дычко под эгидой промоутерской компании Probellum и прошел всю дистанцию, по итогам десяти раундов судьи отдали победу Ивану (100-90, 99-91, 99-91).

В итоге казахстанец отпраздновал 12-й успех в своей профессиональной карьере, в то же время это был первый его поединок, который он не смог выиграть досрочно. Эспиндола потерпел четвертую неудачу при семи победах.

«ТУРАН» ОПТИМИЗИРУЕТ СВОЙ БЮДЖЕТ

ФУТБОЛЬНЫЙ КЛУБ «ТУРАН» ОПТИМИЗИРУЕТ СВОЙ БЮДЖЕТ. ОБ ЭТОМ СООБЩАЕТ ПРЕСС-СЛУЖБА ТУРКЕСТАНЦЕВ.

Отмечается, что такое решение приняло руководство в связи с экономической ситуацией в клубе.

«На сегодняшний день у футбольного клуба «Туран» есть переходящая с 2021 года кредиторская задолженность, вызванная изменениями в плане введения лимита на финансирование клубов из государственного бюджета. Кроме этого, из-за экономической ситуации в стране спонсор отказался от поддержки.

Руководство клуба приняло решение об оптимизации бюджета, в связи с этим игрокам предложено пойти на понижение заработной платы. Дальнейшее сотрудничество с

тренерами и игроками, имеющими действующие контракты с клубом, будет обсуждаться в индивидуальном порядке. Данные меры связаны с оптимизацией бюджета, а также желанием предоставить игровую практику футболистам, не получающим ее в достаточном объеме. Клуб сосредоточится на поддержке работы Академии и молодежной команды.

Нынешняя экономическая ситуация диктует нам свои условия. Поэтому мы обращаемся к болельщикам и просим с пониманием отнестись к сложившейся ситуации, говорится в сообщении клуба.

ОБЪЯВЛЕН СОСТАВ



В СТЬ «ТАЛГАР» СТАРТОВАЛ УЧЕБНО-ТРЕНИРОВОЧНЫЙ СБОР ЖЕНСКОЙ НАЦИОНАЛЬНОЙ СБОРНОЙ КАЗАХСТАНА В РАМКАХ ПОДГОТОВКИ К ОТБОРОЧНОМУ МАТЧУ ЧМ-2023 ПРОТИВ ЭСТОНИИ.

В ходе сбора команда проведет три контрольных матча, после чего отправится в Эстонию. Матч состоится 28 июня на стадионе «Пярну Раннастаадион» в городе Пярну. Игра начнется в 22:00 по времени Нур-Султана.

Главный тренер женской сборной Казахстана Айтпай Джамантаев огласил расширенный список футболистов, вызванных на УТС.

Вратари: Оксана Железняк («Бийик-Шымкент»), Ангелина Портнова («Адана Идман Юрду», Турция), Назым

Исмаилова («Хатайспор», Турция);

Защитники: Александра Бурова, Мария Демидова, Асель Орынбай (все – «Бийик-Шымкент»), Айгерим Айтымова, Бибигуль Нурушева, Кундыз Кожамет (все – «Томирис-Туран»), Анастасия Власова, Жансая Козиева, Назерке Шалмуханбетова (все – «Окжетпес»);

Полузащитники: Фатима Сатыгалиева, Асем Каражанова, Айдана Кузтай (все – «Окжетпес»), Карина

Жумабайкызы («Рязань-ВДВ», Россия), Маргарита Талдыкина, Сарбиназ Турсынкул (обе – СДЮСШОР №17), Екатерина Бабшук, Казына Норбаева (обе – «Бийик-Шымкент»), Асельхан Турлыбекова («Томирис-Туран»);

Нападающие: Арайлым Орынбасарова («Окжетпес»), Светлана Бортникова («Бийик-Шымкент»), Нурсулу Балжан, Алина Лозукова (обе – СДЮСШОР №17).

Тренерский штаб: Айтпай Джамантаев – главный тренер, Беганн Киргизбаева – ассистент главного тренера, Рамиль Хамитов – тренер вратарей, Владимир Ляпкин – тренер по физподготовке.

МАРСЕЛО – «РЕАЛДЫҢ» АҢЫЗ ОЙЫНШЫСЫ

16 ЖЫЛ ІШІНДЕ ОЛ 545 МАТЧ (43229 МИНУТ!) ӨТКІЗІП, 38 ГОЛ СОҚСА, 103 НӘТИЖЕЛІ ПАС БЕРГЕН

БРАЗИЛИЯЛЫҚ ФУТБОЛШЫ МАДРИДТЕ 15 ЖЫЛЫН ӨТКІЗІП, КЛУБ ТАРИХЫНДА АТАҚ-ДАҢҚ ЖӨНІНЕН ЖЕКЕ ДАРА КӨШ БАСТАДЫ: 25 КУБОКҚА ИЕЛІК ЕТКЕН ОЛ АТЫ АҢЫЗҒА АЙНАЛҒАН ПАКО ХЕНТОНЫҢ (23 КУБОК) АЛДЫН ОРАП КЕТТІ.

Марселоньың кубоктарына тамсанбайтын жан жок:

- 6 Испания чемпионаты;
- 2 Испания кубогы;
- 5 Испания суперкубогы;
- 5 ЧЛ;
- 3 УЕФА Суперкубогы;
- 4 клубтық әлем чемпионаты.

2007 жылдың қаңтарында мадридтіктер сапында алғаш рет алаңға шыққан Марсело маусым соңына дейін небәрі 165 минуттық ойын өткізіп-ақ Испания біріншілігінде топ жарды.

Ла Лига-2007/08-де «Реал» тізгінін Бернд Шустер қолына алған кез. Бұл бапкер бразилиялықты негізгі құрамда көбірек шығара бастады. Сондықтан екінші кубокта Марселоньың үлесі зор.

2008/09-да «Реал» Ла Лигада топ жара алмағанымен, Испания суперкубогын иеленді. Екі ойын қорытындысында олар «Валенсиядан» айласын асырды – 6:5.

Көп ұзамай қоржын Испания кубогымен толықты. Естеріңізде болса, 2011 жылы Роналду қосымша уақытта «Барселонаның» қақпасын дәл көздеп, командасына жеңіс сыйлаған.

2011/12 маусымда «Реал» Ла Лигада жеңіске жетті. Марсело 32 матч өткізіп, 3 гол соқса, тағы 6 рет нәтижелі пас берген.

2012 жылы ел суперкубогы тағы «корольдік» клубқа бұйырды. Сырт алаңда сүреңсіз өнер көрсеткен «Барса» екі ойын қорытындысы бойынша «Реалға» есе жіберді.

2013 жыл сәтсіз өткенімен, 2014 жылы кубоктардан тау тұрғызған маусым болды: ЧЛ, клубтық әлем чемпионаты, Испания кубогы мен УЕФА Суперкубогы. «Реал» тек ел біріншілігінде есе жіберді – «Атлетиконьың» жолы болды.

2016 жылғы маусымға «Реалдың» да, тиісінше Марселоньың да реніші жоқ шығар. Испания кубоктарынсыз қалды демесеңіз, Чемпиондар лигасы, клубтық әлем чемпионаты мен

УЕФА Суперкубогында топ жарды.

2016/17 маусымда бұған дейінгі атактарға тағы Ла Лигадағы жеңіс қосылды.

Зинедин Зидан келгенде ЧЛ-дегі қатарынан үшінші жеңіс тойланды. Лорис Кариустің қателігі мен дубль авторы атанған Гарет Бэйл ойын тағдырын шешті.

«Бес жылда Чемпиондар лигасындағы төрт кубоктың әрқайсысы – нағыз сынақ. Кубокты қолымызға алып күлімдеп тұрғанымызды көресіздер, бірақ соларға қол жеткізу үшін қанша күш жұмсалғанын бағамдай алмайсыздар. Олар туралы ойлағанда кәдімгі фильмге ұқсап кетеді. Бірақ бейнелер керісінше қозғалады – аяғынан басына қарай», – деді Марсело.

Дәл сол жылы мадридтіктер клубтық әлем чемпионатының жеңімпаз атағын иеленді. 2018-дегі кубок Марсело үшін төртіншісі болатын.

2018/19 маусымда Марсело алаңға көп шыға қойған жоқ, сөйте тұра кубоктар саны көбейе берді. 2020 жылғы испан дублін көпшілік ұмыта қоймаған шығар – Ла Лига («Барсадан» 5 ұпай озды) мен Испания Суперкубогы (финалда пенальти бойынша «Атлетиконьың» алдын орап кетті).

Марселоньың «Реалдағы» мансабы да әдемі аяқталды: соңғы кездері үміті сөне бастаған жанкүйерлеріне Чемпиондар лигасының жеңісін сыйлап, Ла Лига мен Суперкубокты да қанжығаларына басты. Бұл маусымда 34 жастағы Марсело алаңда көп көріне де қойған жоқ. Бірақ «Эспаньолмен» болған чемпиондық ойында Родригоға нәтижелі пас берді.

«Үлкен қуаныш. Біз тез арада жеңіске жете білдік. Бұл әрбір ойыншының нәтижесі. Жанкүйерлермен бірге жеңісті тойлаудан асқан бақыт жоқ. Бұған дейін шектеулерге байланысты кездесе алмай жүрдік. Бұл кеш жанкүйерлерімізге



арналады. Жеңісті әлемдегі үздік клубпен бірге өз алаңыңда тойлау – бұл ұлы қуаныш», деп ағынан жарылған болатын футболшы.

Марселомен қоштасу кеші дүйсенбі күні «Сьюдад Реал Мадрид»

алаңының мәжіліс залында өтті. Бұл іс-шараға бапкерлер, футболшылармен бірге президент клубы Флорентино Перес қатысты.

Осылайша, Марсело 16 жылдан соң «Реалмен» қош айтысты. Осы

аралықта ол 545 матч (43229 минут!) өткізіп, 38 гол соқса, 103 нәтижелі пас берген.

Дайындаған –
Мәдина АСЫЛБЕК



● МЕНШІК ИЕСІ ЖӘНЕ ШЫҒАРУШЫ – «Sport&ks» газетінің редакциясы» ЖШС

Мәулетхан АҚСАНОВ – Директор
Заңғар КЕРІМ – Бас редактор
Мәдина АСЫЛБЕК – Бас редактордың орынбасары
Бек ТӨЛЕУ – жауапты хатшы
Оңдасын ЕЛУБАЙ – ШҚО-дағы меншікті тілші
Едіге ОРАЗ – тілші
Әділбек ЫДЫРЫС – менеджер
Зүлфия ЖҰМАҒҰЛ – есепші

Редакция мекенжайы: 010000, Нұр-Сұлтан қаласы

Байланыс тел.: +77023840194

Алматы қаласында: Мұқанов көшесі, 223 «в» үй.
Тел.: 8/727/3784200, 3784202

• Газет «Қазақ спорты» газетінің компьютерлік орталығында теріліп, беттелді.

• Хат-хабар үшін: Поштамыздың абоненттік жәшігінің мекенжайы: №2714, 010017, Нұр-Сұлтан қаласы, Асан Қайғы көшесі, 73-үй.

Газет «Алматы – Болашақ» АҚ баспаханасында басылады. Алматы қаласы, С.Мұқанов көшесі, 223 «в» үй. Тел.: 8/727/3783646, 3784010

- Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
- «Қазақ спорты» газетіне жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.
- Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды. Жазылу индексі – 64190
- Газет ҚР Байланыс және ақпарат министрлігінде 2011 жылы 7 маусымда қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі № 11855 – Г
- Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2017 жылдың 24 қаңтарында қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі № 16317-Г.